

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

УДК 327.7

## НАТО ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛУЫ НЕГІЗІНДЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ӘСЕРІ

**Жұмаев Ислам Жұмаұлы**

kz\_hope@mail.ru

Магистрант (Халықаралық қатынастар)

Л.Н.Гумилев Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Тұрынтаева Әйкерім Әмірқызы

Қазіргі әлем жаһандану жағдайында бір полярлы жүйеден көпполярлы әлемдік тәртіпке көшуге байланысты терең өзгерістерді бастан кешуде. Бұл процесс аймақтық және әлемдік дамуға айтарлықтай әсер етуде. Бұл ретте қазіргі геосаяси жағдай айқын шиеленісе түсуде, бұл оның қалыптасуының жаңа кезеңіне, ұлттық, өңірлік және халықаралық қауіпсіздік жүйелерінің трансформациясы жағдайында саяси субъектілердің өңірлік кеңістігінде өзара іс-қимылдың өзге де форматын қалыптастыруға алып келеді. Кеңес Одағының ыдырауы әлемдегі жағдайды түбегейлі өзгертті және бұрынғы кеңес-ауған шекарасының солтүстігінде егемен мемлекеттер тобы құрылды - Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан. Орталық Азия Ауғанстанмен шекаралас жатқандықтан, Ауғанстандағы болып жатқан саяси өзгерістер аймақ мемлекеттері үшін ғана емес, әлем қауымдастығы үшін ерекше маңызға ие. Себебі, Ауғанстаннан туындайтын есірткі, діни экстремизм мәселелері бүгінгі күні тікелей қауіп төндіріп отырған мәселелер болып табылады.

Айта кету керек, Ауғанстан өзінің географиялық орналасуына байланысты қазіргі заманғы державалардың үлкен қызығушылығын тудырып отырған аймақтағы маңызды геосаяси кеңістік болып табылады. Бұл ел өткен ғасырдың соңғы онжылдықтарында және жаңа 3 мыңжылдықтың басында геосаяси мүдделер қақтығысының алаңына, әлемдік және аймақтық державалардың саяси ұмтылыстары мен интригаларының орталығына айналды. Әлемдік және аймақтық мемлекеттердің осы елдің ішкі істеріне араласуы ұзаққа созылған дағдарысқа алып келді және оны жаһандық соғыс объектісіне айналдырды. Бұдан басқа, Ауғанстандағы дағдарыстық жағдайлардың, сын-тегеуріндер мен қауіптердің туындауына ұлттық және этносаралық проблемалар; этникалық қайшылықтар мен өзара тартыс; діни радикализм мен фанатизм және т. б. факторлар ықпал етті.

Ауғанстаннан әскерлердің қазіргі шығарылуының мәні мен салдарын түсіну үшін алдымен қақтығыстың түп тамырын түсіну өте маңызды. 1979 жылы Кеңес Одағы марксистік-лениндік әскери төңкерісті қолдап Ауғанстанға басып кірген болатын. Бұл шетелдік басқыншылық әсерінен муджахидтер деп аталатын жиһадшылардың пайда болуына әкеліп соқты. Олар коммунистік үкіметті қуып шығу мақсатымен партизандық соғыс бастап, көптеген шетелдік үкіметтердің, соның ішінде Америка Құрама Штаттарының қолдауымен әрекет етті. 1989 жылға қарай коммунистік үкіметті қорғауға кеңес өкіметінің күші жетпей, муджахидтер тез арада билікті басып алған болатын.

Муджахидтер билік үшін күрес басталған сәттен елде терең бөліну басталды. Биліктің осы вакуумынан "Талибан" қозғалысы пайда болып, 1996 жылы Кабулды өз басқаруына алды. Талибан жөнінде айтпас бұрын қозғалыстың бастапқы мақсаттарын түсіну өте маңызды, себебі Ауғанстан мәселесі бүгінгі күнге дейін өзекті болып отыр. "Талибан" қозғалысы елдегі проблемаларды шешуде мұсылман емес топтардың араласуына қарсы


шығып, Ислам шариғатының заңдарына сай құрылған халықаралық деңгейде мойындалған үкімет құруды мақсат етті. Салыстырмалы түрде Талибан мен "Аль-Каиданы" алатын болсақ мақсаты жағынан өзгешеленеді: "Аль-Каида" халықаралық деңгейде өз ықпалын кеңейтуді, Талибан Ауғанстан ішінде билік жүргізуді көздейді. Өзін мұсылман әлемі үшін күресіп, өзіне жау санаған елдерге, әсіресе АҚШ-қа бағытталғанын мәлімдеді. 2001 жылға қарай Аль-Каиданың көмегімен Талибан ел аумағының 10% - ын бақылауда ұстады [1].

АҚШ-тың Ауғанстанға әскер енгізуінің негізгі мақсаты 9/11 террористік шабуылды өз мойнына алған Аль-Каиданың ауған жеріне тарауына жол бермеу және Ауғанстан арқылы Аль-Каида және басқа террористік топтарды жою болатын. Бір жағынан, Американың ауған жеріне енуінің артында жаһандық деңгейдегі мақсат жатты: әскери күштері арқылы Ресей, Қытай және Иран секілді аймақтық және халықаралық күштерді сес көрсетіп, ығыстыру болатын. Екінші деңгейдегі мақсаттарына тоқтала кететін болсақ: контр-терроризм стратегиясы, постталибтік Ауғанстанда пуштундардың болмауы, шетелдіктерге қарсы болу, басты мемлекеттік қызметтерде бұрынғы әскери қолбасшыларының болуы, жан-жақты үкімет құру, есірткіге қарсы күрес стратегиясы, "Талибан" қозғалысының экономикалық көзін жою.

2001 жылы 11 қыркүйектегі террорлық шабуылынан кейін АҚШ бұрынғы Президенті Дж. Буш «Әлемдік Террорға шабуыл» жариялаған болатын. Өз сөзінде «АҚШ өз жауын жоюы үшін барлық күш жігерін салатын болады. Бұл күрес ұзақ уақытқа созылуы мүмкін, бірақ біз қателік жасамай жеңетін боламыз» деді. АҚШ сыртқы саясатында стратегиялық өзгерістер енгізіліп, Ауғанстанда НАТО қолдауымен әскери миссиясын бастады. Расында, НАТО үшін бұл Еуропадан тыс алғашқы ұжымдық интервенциясы миссиясы болатын. Көп ұзамай Бонн Келісімі нәтижесінде Хамид Карзай бастаған Уақытша Үкімет (Батыс үлгідегі демократиялық үкімет) құрылып, оны басқару ISAF (Қауіпсіздікті Қолдау Халықаралық Күштері) әскерлеріне берілді. 43 елден жинақталған (оның ішінде НАТО-ның барлық 28 мүшесі) ISAF әскерлерінің саны бастапқы 5000-нан 70 000 дейін өсті. НАТО Ауғанстандағы ISAF миссиясын 2003 жылғы тамыздан 2014 жылға дейін басқарып, кейін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2189 қарарына сәйкес «шешуші қолдау» жаңа миссиясына өзгерді. АҚШ Ауғанстанда қауіпсіздікті өз қолынан шығарып алмау мақсатында біраз мәселеге мән берген болатын: ауған қауіпсіздік күштеріне білім, кеңес беру, әуе және логистикамен қамтасыз ету, материалдық-техникалық көмек көрсету, елдің ыдырауын жол бермеудегі әрекеттерің қолдау. ИСАФ негізгі миссиясы Ауғанстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Ауған ұлттық қауіпсіздік күштерінің әлеуетін нығайтуға қол ұшын беру болатын. Бүгінгі таңға дейін ИСАФ НАТО-ның ең ұзақ және күрделі миссияларының бірі болды: сан жағынан НАТО-ның және 50 серіктес елдердің әскери құрам саны 130 000-нан асты [2].

АҚШ пен НАТО арасында жасалынған жобалардың ішінде ANDSF (Ауған Ұлттық Қорғаныс және Қауіпсіздік Күштері) тоқталып кетуге болады. Жоба аясында ауған үкіметіне қауіпсіздікті қамтамасыз ету, материалдық-техникалық қолдау және логистиканы дамыту бойынша қаржылай көмек көрсетілген болатын: АҚШ пен Ауғанстан 2012 жылғы мамырда стратегиялық әріптестік жөнінде және 2014 жылғы қыркүйекте Қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдер жасалынды. SIGAR 2005-2022 жж. Жоба аясында 150-ге жуық млрд доллар қаржы бөлінген болатын [3].


### Ауған күштеріне бөлінген қаржы, млрд \$



(SIGAR Quarterly Report to the United States Congress)

ANDSF тарауының себебін Талиб тарабынан қысымның артуы, Ауған күштерінің дайындығы мен қабілеттінің төмендеуі, сонымен қатар АҚШ әскерлерінің шығуынан кейінгі туындаған елдегі жағдаймен байланыстыруға болады. Бақылаушылардың мәліметінше, жиырма жыл ішінде үлкен қателіктер мен стратегиялық есептеулердің орын алғандығын байқауға болады[4].

### 2002–2021 жж. Ауғанстандағы Ақш әскері және бөлінген қаржы



Ресми деректер әрдайым арнайы операциялар мен басқа да уақытша бөлімшелерді қамтымайды. Шетелдік әскери контингент қатарына НАТО-ға мүше және серіктес мемлекеттерді жатқызуға болады. Дегенмен, әскер санының ең көп әрі бөлігін АҚШ әскери күштері құрайды.

2021 жылы АҚШ пен олардың НАТО-дағы одақтас күштері Ауғанстандағы жиырма жылдық қақтығыстан әскерлерін шығара бастады. Бұл қақтығыстың аяқталғанын немесе шешілгенін білдірмейді. "Талибан" қозғалысы мен АҚШ арасындағы келісімнен кейін

Ауғанстан Үкіметі мен "Талибан" қозғалысы арасындағы бейбітшілік мәселесі әлі күнге дейін шешімі қиын мәселе екенін атап өту керек. Халықаралық қоғамдастықтың қазіргі уақытта болашағы бұлыңғыр мемлекетке назар аударуын жалғастыруы өте маңызды.

2021 жылы 27-шілде күні, жиырма жылдан кейін, Бушты АҚШ-тағы әскери миссияны жариялаған орыннан Президент Байден Ауғанстандағы соғыстың аяқталғандығын жариялады: «Біздің Ауғанстандағы миссия 31 тамызда аяқталып, қазіргі Америка тарихындағы ең ұзаққа созылған, шығыны көп (бірнеше трлн доллар және шамамен 200мың өлім) әскери оккупацияның соңы» деген болатын.

АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен «Ауғанстандағы Қарулы Күштердің азаюы елдің қауіпсіздігіне қауіп төнбейді» деп, Ақ үйдің өкілі Джен Псаки Байден әкімшілігі «Ауғанстанның АҚШ қауіпсіздігіне қауіп төндіретін террористік топтарға пана болуына жол бермеу үшін Ауғанстан үкіметімен ынтымақтастық туралы уәдесін сақтайды» деп, АҚШ-тың БҰҰ-дағы Елшісі Линда Томас-Гринфилд «егер содырлар елді күшпен басып алып, қайтадан репрессиялық исламистік ережелер орнатса, Ауғанстан Талибан билігі кезінде халықаралық деңгейде мойындалмайды» деп мәлімдеді АҚШ-ты Талибанды мойындау мәселесі алаңдататынын байқауға болады [5].

Осы тұста іс-қимыл мен түсіндірудің берік стратегиялық байланысы қажет. Мысалға алатын болсақ, Ауғанстандағы бейбітшілікке мәжбүрлеудің келешегі туралы пессимистік және осы елдегі жалпы терроризмге қарсы операцияның нәтижесіз аяқталғанын атап өткен адамдар бұл асимметриялық, дәстүрлі емес соғыс деп қарап, тіпті АҚШ сияқты супер держава үшін де жеңуі қиын соғыс деп санайды. Алайда, дәстүрлі емес соғыста содырлар жергілікті тұрғындар арасында ауылдарда жасырынып жүріп партизандық соғыс жүргізуі; олардың тұрақты бөлімшелері мен ортақ қолбасшының болмауы; мобильді және кенеттен жасалатын операцияларды жүргізе алуы жағдайды қиындатады. Сондықтан терроризмге қарсы соғыс жүргізудің жалпы стратегиясы қайта қаралып, өзгертілуі керек. Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымына терроризм мәселесі бойынша стратегияны қайта қарау керек.

2021 жылдың 15 тамызында Ауғанстан Ислам Республикасы құлап, елден Ашраф Ғани қашқан болатын. Талибан блицкригінен кейін Ауғанстан Ислам эмиратын (ІЕА) құрып, аз уақыт ішінде бүкіл елді басып алды. Талибан 2001 жылы биліктен кеткеннен бері өзгеруі мүмкін деген үмітке қарамастан, Талибан өзгерген жоқ. Талибан режимінің негізгі одақтасы Пәкістанды қоса алғанда, аймақтық державаларға назар аудармай, барлығын қамтымайтын үкімет құрды. Бұл топ азшылыққа жататын шиит-Хазар қауымдастығын қудалауды, исламды ортағасырлық түсіндікті жалғастырды және әйелдердің құқықтары жұмыс және білім саласында шектелді.

Кабулдың құлауы ауған халқы үшін, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікке қауіп төндірген өршу ықтималдығы жоғары хаосты тудырды. Талибан Орталық Азияның көршілеріне қауіп төндіргісі келмейтінін мәлімдегенімен, қауіптер олардың бақылауынан шығып, басқа көздерден туындап отыр. Еске алсақ, Талибан "Аль-Каида", ИГИЛ және басқа да террористік топтарды Ауғанстаннан қуып шығаратындары жөнінде әлі мәлімдеген жоқ; бұдан былай биліктегі Талибан Ауғанстан аумағынан шығатын өңірлік және халықаралық қауіпсіздікке төнген террористік қатерлер үшін тікелей жауапты.

НАТО күштерінің ауған жерінен шығуынан кейінгі туындауы мүмкін жағдай және Орталық Азия аймағы үшін басты назар аударуға тиісті мәселелер бойынша сарапшыларға тоқтала кетсек. Б. Сұлтанов аймақта алаңдатушылық тудыратын үш факторды атап көрсетеді:

- ОА-да зайырлы режимге қысым жасайтын радикалды ислам ағымдарының күшеюі;

- "Қытайдың Таяу және Орта Шығыс, Орта Азия арқылы ЕО елдерінің нарықтарына шығуын күшейтуге деген ұмтылысы";

- Осы қадамдардан туындаған АҚШ пен НАТО одақтастарының қарсылығы.

Оның ойы бойынша, Орта Азия "сырттан, Ауғанстаннан келетін терроризм, діни экстремизм және есірткі трафигінің" транзиті мен таралу аймағына айналуға [6].

Ауғанстан **есірткі саудасының** ошағы ретінде Орталық Азия және Ресей үшін маңызды проблема болып табылады. Есірткі саудасына қатысты Талибан режимі мен аймақтағы елдердің мүдделер қақтығысы бар. Бұл елдер Талибанның көкнәр өсіруді тоқтатқанын қалайды, өйткені Ауғанстан әлемдік апиын мен есірткінің 80 пайызын қамтамасыз етеді және басқа есірткінің негізгі көзі болып табылады, бірақ ІЕА (Ауғанстан Ислам Әмірлігі) есірткі саудасын шектеуі екіталай. Біріншіден, есірткінің заңсыз айналымы Талибан үшін маңызды табыс көзі болып табылады. Сарапшылар Талибан есірткі саудасынан жылына 100-ден 400 миллион долларға дейін ақша табатынын айтады. Біріншіден, есірткінің заңсыз айналымы Талибан үшін маңызды табыс көзі болып табылады. Сарапшылар Талибан есірткі саудасынан жылына 100-ден 400 миллион долларға дейін ақша табатынын айтады [7].

Екіншіден, "Талибан" қозғалысы өзін халықаралық деңгейде тануы үшін көкнәр өндірісі мен есірткі саудасын шектегісі келгенімен де, Талибан ішкі факторларға байланыста шектеліп отыр. Ел гуманитарлық дағдарыстан зардап шегіп, экономиканың күрт құлдырауы жағдайында (халықтың шамамен 90 пайызы күніне 1,95 доллар кедейлікте) Ауғанстанның оңтүстік-шығысындағы Талибан аймағындағы көкнәр өсіретін шаруалар тарапынан үлкен наразылыққа тап болады. Бұл өз кезегінде халықтың Талибан ықпалынан шығып, ИГИЛ қолдауының күшею қаупін тудырады.

Ауғанстан территориясынан есірткі шетелге негізінен үш бағыт бойынша шығарылады: Иранға және одан әрі Еуропаға (34 %); Пәкістанға және одан әрі Үндістан мен Еуропаға (шамамен 40 %); ОА-ға және одан әрі Ресей мен Еуропаға (21 %). С.Элиотт келтірген НАТО деректері бойынша Талибан кірісінің 40-60% - ы есірткі есебінен құралады. Талибан есірткінің заңсыз айналымы арқылы 300 миллионнан 1,6 миллиард долларға дейін пайда табады (Eckel Mike. The West Promise Moscow That NATO Would Not Expand?) деп есептелген. Алайда, бұл Батыс Еуропадағы есірткінің Шығыс және Солтүстік-Шығыс Ауғанстандағы контрабанданың бір бағыты бойынша келетін 28 миллиард долларды құрайтын құнының аз ғана бөлігі. Солтүстік маршрут бойында есірткіні заңсыз сатумен айналысатын ұйымдардың шоғырлануы бірнеше негізгі топтардың қолына пайда әкелуі мүмкін екендігі айтылғанмен, "Талибан" қозғалысының бұл жерде қандай рөл атқаратыны белгісіз. Есірткі саудасы, "Талибан" қозғалысы мен оның бөлімшелерінің ұйымдық сипаты туралы ақпараттың болмауы нақты кірістерді дәл анықтауды қиындатады, бірақ есірткі саудасы Ауғанстандағы терроризмді қаржыландырудың маңызды аспектісі болып табылады.

**Орталық Азияға төнетін қауіптер мен мүмкіндіктер.** Ауғанстан мен Орталық Азия елдері үшін қауіпсіздікті орнату аймақ үшін басты мәселе. Бұл тұрғыда Ауғанстан мен Орталық Азия елдері арасында қауіпсіздік тұрғысынан өзара тәуелділік бар деп айтуға болады, негізінен Ауғанстан шекарасының төрттен бір бөлігі Тәжікстанмен, Өзбекстанмен және Түрікменстан арқылы өтеді. Сонымен қатар, Орталық Азия елдері мен Ауғанстан арасында мәдени және тарихи байланыс бар: тәжіктер, өзбектер мен түрікмендер елдің солтүстік аймақтарында шоғырланған.

<b>Контрабанда мәселесі</b>	АҚШ әскерлері шығарылғаннан кейін Ауғанстаннан адам, есірткі және қару контрабандасы Орталық Азия елдерінің басты мәселесі болып қала береді.
<b>Экстремистер енуі</b>	Кейбір сарапшылар АҚШ-тың Ауғанстан шекарасынан тыс стратегиясының элементтерінің бірі Орталық Азияның тәуелсіздігі және геосаяси ойынның Орталық Азия елдерін қамтитын мүлдем жаңа деңгейге ауысуы болып табылатынын айқындады, сондықтан бұл елдер жаңа Ауғанстан Үкіметімен сындарлы диалог пен практикалық ынтымақтастықты дамытуға дайын екендіктерін көрсетті
<b>Талибан шабуылы</b>	Ауғанстаннан келетін Орталық Азия мемлекеттері үшін ең ірі қауіп-бұл Талибанның тікелей шабуылы. Бұрын "Талибан" Түрікменстанға, Тәжікстанға немесе Өзбекстанға тікелей шабуыл жасау мәселесі күн тәртібінде тұрмады. Қазірде "Талибан" қозғалысы Ауғанстанды бақылауға алу үшін күресуде; сондықтан "Талибан" әзірге шабуыл жасау ықтималдығы аз. "Талибан" қозғалысы өз саясатын Орталық Азия мемлекеттеріне кепілдік беретін "залал келтірме, оны қолдама" деп анықтайды [8]
<b>Босқындар ағыны</b>	Талибан билікке келгеннен кейін Орталық Азия елдерінің басты проблемаларының бірі-аймаққа босқындардың ағылуы

Егер Талибан Ауған үкіметін толықтай құлата алатын болса, болашақты болжау қиындық тудырады. Әсіресе, 2009 жылы олардың НАТО-ға әскери емес жүктерін рұқсат берген болатын.

Осы қауіптерге қарсы Орталық Азия мемлекеттері қарастырып отырған бірнеше нұсқалар бар: шекараны жабу, әскери емес немесе буферлік зона құру, Талибандармен тікелей келіссөз жүргізу, олардан аймақ қауіпсіздігіне қол сұқпауға кепілдік алу.

Мүмкіндіктер жағын қарастыратын болсақ, тұтастай алғанда, Орталық Азия елдері, атап айтқанда, Қазақстанның аумағы халықаралық теңіздерден алыс орналасқан, сондықтан Халықаралық порттарға шығуы біз үшін маңызды, демек, Ауғанстанның геостратегиялық орналасуы аймақ елдері үшін көлік маршруттары мен транзиттік торапты қамтамасыз ете алады.

Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы ынтымақтастықтың екіжақты мүмкіндіктері:

<b>Транзиттік торап</b>	Ауғанстан Қазақстан үкіметінің халықаралық теңіздерге шығуда, сондай-ақ екі жақты келісімдер негізінде Пәкістан, Үндістан және Таяу Шығыс нарықтарына тікелей қол жеткізуді ұйымдастыруда транзиттік торапқа айналуы мүмкін
<b>Көпжақты байланыс</b>	Орталық Азия халықаралық теңіздерге тікелей шығуға мүмкіндігі болмауынан Ауғанстанның стратегиялық маңызы зор, себебі жаңа Жібек жолы бойынша Орталық Азия елдері Оңтүстік Азияға шығу мүмкіндігі бар. Дегенмен, Мәскеу аймаққа үшінші елдердің кіруін құп санамайды, себебі өзінің Орталық Азияда қауіпсіздік пен оқшаулану жөніндегі стратегиялық көзқарасы бар. АҚШ-на келер болсақ, негізгі стратегиясы балама маршруттар арқылы Ресей мен Қытайға ықпал ету, оңтүстікке қарай аймақтың ашылуы, АҚШ-тың Орталық Азиядағы күштерді қайта



теңестіру саясаты, Қытай мен Ресей арасындағы энергетикалық сектордағы күш тепе-теңдігі болып отыр
--

Ауғанстан қазір тоқтап тұрған 1990 жылдардағы жағдайды еске түсіреді. АҚШ Қарулы Күштерінің шығарылуы нәтижесінде пайда болған толық хаос АҚШ-тың әлемдік көшбасшы және бітімгер ретіндегі моральдық беделіне нұқсан келтірді. Бұл мәселенің бір жағы. Екіншісі-АҚШ қарсыластарының геосаяси жеңісі-АҚШ-тың жаһандық мүдделеріне қатты соққы келтіріп отыр.

Кеңес Одағы ыдырауынан соң НАТО-ның әскери ұйым ретінде қалуының қажеттілігі болмады. Дегенмен, АҚШ бұл жағдайды тиімді пайдаланып, өзінің стратегиялық мақсатына жету үшін гегемондық құрал ретінде сақтап қалды. Бүгінгі күні НАТО бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнатудың орнына әлемде тұрақсыздықты өршітті. Ұйымның шығысқа қарай кеңеюі, Украина дағдарысы қазіргі күні әлемдік қауіпсіздікке қауіп төндіруде.

Аль-Кайданың шабуылынан соң құрама штаттар мен оның одақтастары әлемдік террорға қарсы шабуыл ұранымен терроризм экспорттаушы және оны қолдаушы үкіметтерге қарсы жаңа ойынды бастады. Расында, 2001 жылы Ауғанстанға әскер енгізіп, басында осы аймақтағы ірі күштер мен көрші мемлекеттерден қолдау алған болатын. Дегенмен, батыс күштерінің ауған жерінде осынша уақыт әскерін ұстауы аймақтық күштердің ұлттық қауіпсіздігіне деген мәселесі алаңдатқан болатын.

Ауғанстандағы контр-террористік соғыстың басынан соңына дейін құрама штаттар терроризм мен есірткіге қарсы күрес, елде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жариялағанымен, АҚШ негізгі мақсаты ядролық қару болатын. Ауғанстан арқылы аймақта Ресей, Қытай секілді стратегиялық бәсекелестерінен бір қадам алда болуды ойлағанымен, оның оңайға соқпайтынын, қолдаусыз мақсатқа жете алмайтынын түсінді. Одақтастарын лаңкестік күштерге қарсы тұрып, әлемдік тыныштық пен қауіпсіздікті орнатамыз деп сендірді. Осылайша, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі 11 қыркүйек оқиғасынан кейін Ауғанстанға шабуылды мақұлдап, әлемдік терроризмді жою бастамасын қолдап, әлем назарын терроризммен күресуге шақырды. Нәтижесіне келер болсақ, 20 жылдың ішінде Құрама Штаттар триллиондаған доллар жұмсап, Ауғанстанның экономикалық және гуманитарлық ахуалын нашарлатып, мыңдаған адам шығыны орын алып, ешқандай нәтижеге жете алмай әскерін шығарған болатын.

Соңғы жылдары Орталық Азия ұлы державалардың геосаяси бәсекелестіктің жаңа кезеңіне тап болуда. Ауғанстандағы АҚШ әскерлерінің азаюы әлемнің осы бөлігінде геосаяси бәсекелестер өз мүдделері үшін қолдана алатын күш вакуумын тудыруда. Халықаралық күштердің шығарылуына дейін болжанған Ауғанстандағы оқиғалардың бұл қайғылы кезеңі "Геосаясат және бітімгершілік" дилеммасын ашады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Afghanistan War, Encyclopedia Britannica, October 2020, Witte, G. <https://www.britannica.com/event/Afghanistan-War>
2. Janibekov Iskander Akylbayev and Nurtas What Does the US Withdrawal From Afghanistan Mean for Central Asia? [Report] / auth.. - [s.l.]: U.S. Air Force photo by Staff Sgt. Kylee Gardner, May 25, 2021
3. Special Inspector General for Afghanistan Reconstruction (SIGAR) Quarterly Report to the United States Congress, July 30, 2021. <https://crsreports.congress.gov>

4. Специальный Генеральный Инспектор по Восстановлению Афганистана. What we need to learn: lessons from twenty years of afghanistan reconstruction, 2021

5. U.S. out, Taliban in: Central Asia Facing New Challenges from Afghanistan //www.cacianalyst.org/

6. Эксперт: Средняя Азия неуклонно превращается в зону распространения терроризма и наркотрафика // ИА «Регнум». URL: [www.regnum.ru/news/1564776.html](http://www.regnum.ru/news/1564776.html)

7. Susan Elliott, Richard Hoagland, Daniel Lehmann. What Comes Next: Central Asian Violent Extremist Groups and Drug Trafficking after the Fall of Kabul. Central Asia's Affairs журналы, 84 Том. //www.kisi.kz

8. Eckel Mike. The West Promise Moscow That NATO Would Not Expand? Well, It's Complicated. [Journal] / auth. // the Brookings Institution. - May 19, 2021. - pp. 1-7.

УДК 327.8

## **ТҮРКІ ӘЛЕМІН ҚАЙТА ҚҰРУ АЯСЫНДА ТҮРКИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЫҚПАЛЫН КҮШЕЙТУГЕ ҰМТЫЛУЫ**

**Захар Арайлым Шалқарқызы**

[zakharovaarai@gmail.com](mailto:zakharovaarai@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар

Мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ахмедьянова Кабидуллаевна

1990 жылдардың басында КСРО ыдырағаннан кейін әлемнің саяси картасында жаңа тәуелсіз Түркітілдес мемлекеттер пайда болды: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан. 1991 жылы желтоқсанда Түркияда КСРО-ның ыдырауы туралы хабарламалар бұрын-соңды болмаған жалпыхалықтық қуанышпен қарсы алынды, содан кейін Түркия Республикасының Президенті Тургут Озал "түріктердің жүз жылдығы" келе жатқанын салтанатты түрде мәлімдеді. "Ұлы Тұранды" құру уақыты келді деген сенім де жалпыға ортақ болды. Сонымен қатар, Батыста КСРО ыдырағаннан кейін аймақта пайда болған вакуумды толтыра алатын күш іздеу басталды. АҚШ пен оның одақтастары Иранның бұрынғы КСРО-ның мұсылман аймақтарындағы позицияларының күшеюінен қатты қорықты. Шах режимі құлағаннан бері Вашингтон "Иран фундаментализмі" мәселесіне, атап айтқанда, Иранның "Ислам революциясын" экспорттау мүмкіндігіне қатты алаңдады. Мұндай дамудың гипотетикалық ықтималдығын болдырмау үшін Америка Құрама Штаттары Иранның "исламдық фундаментализміне" қарсы "түрік қалқаны" деген жаңа идеяны ұсынды. Американдық сарапшылардың пікірінше, Түркия Батыстың басқару, банк қызметі, нарықты реттеу саласындағы тәжірибесін қолдана отырып, реформалар жолында қол жеткізген жетістіктері және, әрине, зайырлы даму жолын бекіту бұл елді осы рөлге өте қолайлы етті. Түркі-мұсылман республикаларындағы зайырлы көңіл-күй, американдық сарапшылардың пікірінше, түркі-мұсылман халқы басым жаңа тәуелсіз мемлекеттердің дамуының түрік үлгісін бекітуге елеулі түрткі болуы керек еді. Түркия Республикасының сол кездегі президенті Т.Озал бұл идеяны ықыласпен қабылдап, өз елінің түркі-мұсылман республикаларындағы міндеттерін айқындай келе: «Бұрынғы КСРО құрамындағы Орталық Азия мемлекеттерінің негізгі үміттері осымен байланысты.